**"Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамы Көмір департаментінің "Шахтинск" шахтасындағы адамдар құрбан болған аварияны тексеру жөнінде комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 желтоқсандағы N 352-ө Өкімі

1. 2004 жылғы 5 желтоқсанда болған "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамы Көмір департаментінің "Шахтинск" шахтасындағы адамдар құрбан болған аварияны тексеру мақсатында мынадай құрамда комиссия құрылсын:

| | |
|---|---|
| Школьник Владимир Сергеевич | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, комиссия жетекшісі |
| Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Бисақаев Серікқали Гумарұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы, жетекшінің орынбасары |
| Тоғайбаев Ислам Уахитұлы | - Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Әбдірахманов Бейболат Әбдірахманұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Өнеркәсіп қауіпсіздігі проблемалары бойынша ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының директоры |
| Веснин Виктор Николаевич | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы |

Жаңабаев Дүйсебай Жаңабайұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Емдеу-алдын алу жұмысы, ақпаратты аккредиттеу және талдау департаменті директорының орынбасары

Дүйсекенов Нұрслям Рақымұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалау, департаментінің директоры

Қаппасов Нақып Қаппасұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Көмір" әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бастығы

Кененбаев Ерлік Әбдіқалықұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тергеу департаментінің бастығы

Клякин Владимир Викторович - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және қатты отын департаменті директорының орынбасары

Никифоров Михаил Дмитриевич - Қазақстан Республикасы Көміршілер кәсіподағы орталық комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Оглов Вадим Валерьевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы

Презент Григорий Михайлович - "Испат-Кармет" ашық акционерлік қоғамы Көмір департаментінің атқарушы директоры (келісім бойынша)

Спатаев Нұрбек Дайырбекұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Бас мемлекеттік еңбек инспекторы

Чеховских Александр Михайлович - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қазақстан Республикасының тау-кен құтқарушылар

ғылыми-инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры.

2. Комиссия жұмысқа дереу кіріссін, адамдар құрбан болған аварияны жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалдың көлемін белгілесін және зардап шеккендер мен қаза болғандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия жетекшісі В.С.Школьник аварияны тексеру нәтижелері және зардап шеккендер мен қаза болғандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарласын.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК